

ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ

«Лондон-Алматы» сақтандыру компаниясы» Акционерлік қоғамы, бұдан әрі «Компания» деп аталады, және жеке/заңды тұлға, бұдан әрі «Серіктес» деп аталады, бұдан әрі бірге «Тараптар», ал жеке алғанда – «Тарап» деп аталатындар төмендегілер туралы осы Құпиялылық туралы келісімді (бұдан әрі мәтін бойынша – «Келісім») жасады:

1. Ол үшін екінші Тараптың жазбаша келісімі болатын, немесе жариялауға рұқсат етілген мәліметтер тізбесі Тараптардың арнайы жазбаша келісімімен анықталған жағдайларды қоспағанда, Тараптар екінші тараптың коммерциялық, қаржылық және басқа да мүдделерін адал түрде сақтау, үшінші тарапқа екеуінің ортақ жұмысы барысында алынған кез келген ақпаратты жарияламау туралы келіседі.

2. Құпия ақпаратқа төмендегілер кіреді (бірақ онымен шектелмейді):

1) Тараптардың қаржылық немесе шаруашылық қызметіне іскерлік қатынасы бар жағдайлар;

2) олардың жеке деректерін (тегі, мекенжайлары, телефондары және т.б.) қоса алғанда, Тараптар және олардың осы Шартты орындауға қатысы бар лауазымды тұлғалары туралы деректер;

3) лауазымды тұлғалардың аттары мен басқа да жеке деректерін қоса алғанда, қарым-қатынастардың мәніне қатысы бар мемлекеттік органдар, қаржы компаниялары, банктер, сенім білдірушілер, инвесторлар, кредиттеу, кепілдік беру және міндеттемелерді қамтамасыз ету көздері, сенімді тұлғалар, тапсырыс берушілердің атаулары;

4) Тараптар құпия деп таныған кез келген өзге де ақпарат.

3. Келісім талаптарымен келісе отырып, Серіктес Қазақстан Республикасы қолданыстағы заңнамасының нормаларын сақтау арқылы Келісім жасалғанға дейін, кейін және Келісім жасалған уақытта берілген дербес деректерді өңдеу, пайдалану және сақтауға өзінің келісімін береді.

4. Келісім талаптарымен келісе отырып, Серіктес сақтандыру құпиясына жататын ақпаратты және/немесе дербес деректер бойынша ақпаратты Сақтандырушының, Ассистанстың қызметкерлері, медициналық мекемелер, сонымен бірге тікелей сақтандыру полисін ресімдеумен байланысты басқа да тұлғаларға жариялауға келісімін береді.

5. Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің 395, 396 баптарына сәйкес, осы Келісімде мазмұндалған талаптарды қабылдау жағдайында, осы офертаны мақұлдайтын Серіктес екінші Тараптың коммерциялық, қаржылық және басқа да мүдделерін сақтауға, алынған ақпаратты үшінші тұлғаларға жарияламау және бермеуге келіседі.

6. Тараптар құпиялылықты сақтау үшін барлық саналы түрдегі шараларды қабылдайтын болады.

7. Келісімнің ережелері Тараптардың әрқайсысына құпия ақпаратты жарияламау міндеттерін жүктейді, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Ақпаратқа еркін қолжетімділік берілетін болса, Ақпарат құпия болып саналмайды.

8. Тараптар құпия деп белгілеген ақпаратты ашу Келісімді бұзу болып есептеледі және мұның Тараптардың бірінің қасақана, абайсызда немесе әдейі жасалған әрекеттері болып есептелуі не есептелмеуіне байланыссыз кез келген шарттың біржақты тәртіпте бұзылуына әкелуі мүмкін.

9. Келісім Келісімге қол қойылған күні немесе оның қолданыс мерзімінің ішінде мәліметтер немесе ақпарат Тараптардың кінәсінен тыс көпшілікке мәлім болған немесе болатын, сондай-ақ оны Тараптардың оппоненттері таратқан жағдайларға қатысты қолданылмайды.

10. Сондай-ақ Келісім мәселелерді оңтайлы түрде шешу мақсатында Тараптардың белгілі бір қарым-қатынастарының мәніне қатысты мәселелерді сот тәртібінде қарастыру жағдайларына қатысты қолданылмайды. Аталған жағдайларда өкіл оның мүдделерін сотта

таныту және барлық қажетті процессуалдық іс-әрекеттер жасауға Тараптың оған берген Сенімхаты негізінде әрекет ететін болады.

11. Келісім ақпарат Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының негізгі сұратуы бойынша ұсынылған жағдайларға қатысты қолданылмайды.

12. Келісім оған екі Тарап та қол қойған уақыттан бастап күшіне енеді және 36 айдың ішінде қолданыста болады.

13. Келісім бойынша барлық даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер жүргізу арқылы шешіледі. Келіссөздердің нәтижелері бойынша Тараптар өзара келісімге келмейтін болса, Келісім бойынша барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сотта түпкілікті түрде шешілуі тиіс.